

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 желтоқсандағы N 1406 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 сәуірдегі N 442 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 8 қарашадағы № 680 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.11.2016 № 680 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына "Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін" 2004 жылғы 19 наурыздағы жолдауын халықтың салымдарын өтеу мерзімін ұзарту бөлігінде іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Мемлекеттік арнаулы өтем қазынашылық облигацияларын шығару, орналастыру, айналысқа қосу, қызмет көрсету және оларды өтеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 желтоқсандағы N 1406 қаулысына Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 48, 482-күжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) 2-тармақтағы "Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім" деген сөздер "Ақпарат" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік арнаулы өтем қазынашылық облигацияларын шығару, орналастыру, айналысқа қосу, қызмет көрсету және оларды өтеу ережесінде:

3-тармақтағы "үш шығарылыммен" деген сөздер алынып тасталсын;

7 - т а р м а қ т а :

"облигациялар шығарылған сәттен бастап бір жылдың ішінде" деген сөздер "2004 жылдың аяғына дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) қосымша шығарылым: мұраға қалдырылған салымдарды ескере отырып, 1936 - 1940 жылдары туылған азаматтардың салымдарын өтеу сомасына";

20-тармақтағы "облигациялар шығарылған сәттен бастап бір жылдың ішінде" деген сөздер "2004 жылдың аяғына дейін" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК